«8D02203 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Байжұма Саметтің «әл-Фарабидің дін философиясындағы адам мәселесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

Р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер» ғылым бағыты бойынша «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағытына сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеудің ғылыми құндылығы әл-Фарабидің дін философиясын адам мәселесімен сабақтастықта қарастыруынан көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда автор әл-Фараби мұрасындағы дін, адам, ақыл және сенім мәселелерінің өзара байланысын ашуға талпыныс жасаған. Зерттеуде ойшылдың діни-философиялық

			көзқарастары адамның рухани және интеллектуалдық кемелденуімен сабақтастырыла қарастырылып, оның адам туралы ілімінің мазмұны тереңінен ашылған. Бұл жұмыстың ғылыми жаңалығы мен зерттеушілік маңызын арттыра түседі.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **<u>жоғары</u>**; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. .	Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеушінің ғылыми ізденісті дербес жүргізгенін көрсетеді. Автор зерттеу мәселесін ашуда теориялық және әдіснамалық тұғырларды жан-жақты талдап, оларды жұмыстың құрылымдық негізі ретінде тиімді пайдалана алған. Бұл диссертация тақырыбының мәнін терең түсінгенін және ғылыми мәселені жүйелі түрде қарастырғанын аңғартады. Зерттеудің барлық бөлімдерінде авторлық пайымдаулар мен өзіндік ғылыми көзқарас айқын байқалады. Сонымен қатар, қарастырылған мәселелердің әрқайсысы ғылыми әдебиеттер мен дереккөздер негізінде кешенді түрде талданып, жеткілікті дәрежеде зерделенген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **<u>негізделген</u>**; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі негізделген. Зерттеу әл-Фарабидің дін философиясындағы адам болмысы, рухани кемелдену, ақыл мен сенім мәселелерін қарастыруға

			арналған. Жұмыстың құрылымы зерттеу мақсатына сәйкес құрылған, ал тараулардың мазмұны өзара логикалық байланыста берілген. Бұл диссертацияның ішкі бірлігін қамтамасыз етеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын айқындайды. Жұмыста әл-Фарабидің дін философиясындағы адам мәселесі, ақыл мен сенім және пайғамбарлық пен философ арақатынасы, кемел адам және бақыт мәселелері жүйелі түрде қарастырылған.
		1) **айқындайды**;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Алға қойылған міндеттер толық орындалып, олардың нәтижелері қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттарда көрініс тапқан.
		1) **сәйкес келеді**;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері өзара логикалық байланыста құрылған. Бірінші тарауда зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері қарастырылып, әл-Фарабидің дін философиясының негізгі ұғымдары талданған. Екінші тарауда осы теориялық негіздер арқылы адам болмысы мәселесі ашылса, үшінші тарауда әл-Фарабидің «инсан әл-кәмил» концептісі қазіргі заман
		1) **толық байланысқан**;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	

			мәселелерімен сабақтастықта қарастырылады. Осылайша зерттеу тақырыбы, мақсаты, міндеттері мен негізгі нәтижелері арасында ішкі тұтастық сақталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған тұжырымдар дін философиясы аясындағы адам мәселесін кешенді қарастыруымен ерекшеленеді. Зерттеуде әл-Фарабидің адам, ақыл, сенім, пайғамбарлық және кемелдену туралы көзқарастары өзара байланыста талданып, олардың қазіргі заманғы философиялық мәселелермен сабақтастығы көрсетілген. Ұсынылған ғылыми нәтижелер тиісті дереккөздер мен зерттеулер негізінде дәлелденіп, жүйелі түрде негізделген.
		1) сыни талдау бар;	
		2) **талдау ішінара жүргізілген**;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеуде әл-Фарабидің дін философиясына қатысты көзқарастары теориялық және әдіснамалық тұрғыдан жүйеленіп, адам мәселесімен сабақтастықта қарастырылған. Автор дін, адам, ақыл, сенім және рухани кемелдену мәселелерін біртұтас концептуалдық негізде талдап, ғылыми тұрғыдан негізделген тұжырымдар ұсынған. Жұмыстың құндылығы әл-Фараби мұрасындағы аталған мәселелерді дін философиясы аясында кешенді
		1) толығымен жаңа;	
		2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа)**;	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			түрде қарастыруында деп есептеймін.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Зерттеу қорытындылары әл-Фарабидің дін философиясындағы адам мәселесін зерделеу нәтижесінде алынған және ғылыми тұрғыдан негізделген. Ұсынылған тұжырымдар адамның рухани кемелденуі, ақыл мен сенім арақатынасы мәселелерін жаңа байланыстар негізінде қарастыруымен ерекшеленеді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа)**;	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Зерттеуде пайдаланылған теориялық және әдіснамалық тәсілдер зерттеу міндеттеріне сәйкес келеді және алынған нәтижелердің негізділігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, қазіргі технологиялық және әлеуметтік үдерістерге қатысты кейбір тұжырымдарды эмпирикалық деректермен толықтыру зерттеудің практикалық маңызын күшейте түсер еді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа)**;	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияның негізгі қорытындылары ғылыми дереккөздер мен теориялық талдауларға негізделген. Автор әл-Фарабидің дін философиясындағы адам мәселесін кешенді түрде қарастырып, ұсынылған тұжырымдарды ғылыми тұрғыдан дәйектей алған.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	1. Әл-Фараби мұрасындағы адам мәселесін зерделеудің теориялық және әдіснамалық алғышарттары дін философиясы контексінде айқындалған. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ; 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия. 2. Зерттеуде әл-Фараби дүниетанымындағы рационалдық пен діни танымның өзара үйлесімділігі көрсетіліп, олардың танымдық қызметі сараланған. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ; 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия. 3. Әл-Фарабидің онтологиялық көзқарастары арқылы ислам философиясындағы болмыс мәселесінің мазмұны нақтыланған. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ; 7.3 Жаңа ма? 1) ия;
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) **дәлелденді**;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) **ия**;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) **ия**;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия**;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия. 4. Адамның әлемдегі орны мен мәні әл-Фараби іліміндегі тұтастық қағидасы негізінде пайымдалған. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ; 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия. 5. Пайғамбарлық феномені адамның рухани жетілу үдерісімен байланысты қарастырылып, оның әлеуметтік-этикалық маңызы ашылған. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия. 6. Ақыл мен сенім мәселесі қарама-қарсылық ретінде емес, бірін-бірі толықтыратын құндылықтар жүйесі ретінде негізделген. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ; 7.3 Жаңа ма? 1) ия;

			7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия. 7. Әл-Фарабидің кемел адам туралы көзқарастары қазіргі дінтанулық және философиялық пайымдаулар тұрғысынан жүйеленген. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ; 7.3 Жаңа ма? 1) жоқ; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия. 8. Ойшылдың интеллект туралы тұжырымдары қазіргі технологиялық өзгерістер жағдайында қайта пайымдалып, олардың өзектілігі көрсетілген. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ; 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия. 9. Әл-Фарабидің бақыт концепциясы қазіргі қоғамдағы адам игілігі мен өмір сапасы мәселелерімен байланысты талданған. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ;

			7.3 Жаңа ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Автор зерттеу пәнінің ерекшелігіне сәйкес әдіснамалық ұстанымдарды тиімді қолданған. Таңдалған зерттеу әдістері қойылған ғылыми мәселелерді шешуге және тұжырымдардың негізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берген.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия**;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертацияда тарихи-философиялық, салыстырмалы және герменевтикалық талдау тәсілдері ұтымды пайдаланылған. Бұл әл-Фарабидің дін философиясындағы адам мәселесін әртүрлі қырынан қарастырып, зерттеу нәтижелерінің дәйектілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берген.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертацияның негізгі теориялық тұжырымдары пайдаланылған дереккөздер мен ғылыми әдебиеттер негізінде дәйектелген. Автор әл-Фарабидің дін философиясындағы адам мәселесін жүйелі түрде талдап, бірқатар ғылыми қорытындылар ұсынған. *Сонымен қатар, зерттеудің жекелеген нәтижелерін эмпирикалық материалдармен толықтыру олардың қолданбалы маңызын арттыра түсер еді.*
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **<u>расталған</u>** / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияда пайдаланылған ғылыми әдебиеттер зерттеу тақырыбына сәйкес таңдалған. Автордың негізгі тұжырымдары Отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге сүйене отырып негізделген, ал келтірілген пайымдаулар мен қорытындылар дереккөздерді жүйелі талдау нәтижесінде жасалған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Қазақ, ағылшын, орыс және ішінара араб тілдеріндегі әдебиеттер пайдаланылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Зерттеу әл-Фарабидің дін философиясындағы адам мәселесін жүйелеуге және оның негізгі ұғымдарын қазіргі дінтанулық-философиялық зерттеулер контексінде қайта пайымдауға мүмкіндік береді.
		1) **<u>бар</u>**;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертация нәтижелерін жоғары оқу орындарында философия, дінтану және фарабитану пәндерін оқытуда, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады.
		1) **<u>ия</u>**;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Зерттеуде ұсынылған тұжырымдар мен қорытындылардың ғылыми-тәжірибелік маңызы бар. Әсіресе әл-Фарабидің адам, ақыл және рухани кемелдену туралы идеяларын қазіргі қоғамдық-мәдени
		1) толығымен жаңа;	
		2) **<u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>**;	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			үдерістерді түсіндіруде қолдану мүмкіндігі назар аудартады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация ғылыми стиль талаптарына сәйкес жазылған. Жұмыстың құрылымы логикалық тұрғыдан жүйелі, ойлар бірізді баяндалған. Зерттеу мәтіні академиялық жазу мәдениетіне сай рәсімделіп, ғылыми аппарат жеткілікті деңгейде қолданылған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық зерттеу оң бағалауға лайық. Сонымен қатар, жұмысты немесе зерттеуді жалғасытруда одан әрі жетілдіру мақсатында келесі ұсыныстарды айтуға болады: 1.Зерттеуде қарастырылған «инсан әл-кәмил» концептісінің қазіргі рухани даму және тұлғалық кемелдену теорияларымен сабақтастығын тереңірек ашу мүмкіндігі бар. Бұл қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени трансформациялар тұрғысынан әл-Фарабидің философиялық мұрасының түсіндірмелік мүмкіндіктерін кеңейтеді. 2. Болашақ зерттеулерде Әл-Фарабидің «инсан әл-камил» тұжырымдамасының эвристикалық мүмкіндіктерін жасанды интеллект философиясы, цифрлық этика,

			технологиялық жауапкершілік және сана мәселелері төңірегіндегі заманауи философиялық талқылаулар аясында қарастыру өзекті ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Мұндай салыстырмалы талдау ойшыл мұрасының қазіргі гуманитарлық және технологиялық сын-қатерлер жағдайындағы өзектілігін тереңірек ашуға мүмкіндік береді. 3. Әл-Фарабидің бақыт туралы ілімдерінің өмір сапасы, әл-ауқат және адам дамуы бойынша заманауи зерттеулер контексінде маңыздылығын кеңейту қажет. Дегенмен, бұл ұсыныстар диссертациялық жұмыстың өзектілігін, құндылығын, ғылыми нәтижелері мен қорытындыларын кемітпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Scopus базасында индекстелетін (Q1 және Q2 квартиліндегі) журналдарда 3 мақала, ҚР ҒЖБССҚК тізіміндегі журналдарда 6 мақала, Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция жинақтарында 7 мақала жарияланған. Сондай-ақ, зерттеу тақырыбына сәйкес 2 авторлық құқық алынған.

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02203 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Әл-Фарабидің дін философиясындағы адам мәселесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысқа берілген ресми рецензент пікірін қорытындылай келе Байжума Саметке философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін деген шешім қабылдаймын.

Ресми рецензент:
Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті
Медиа коммуникация және Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Танабаева Анар Садуакасовна

Подпись указанного лица удостоверяю

"Қызметкерлер құрамы мен құжаттама басқару департаменті"
Управление кадрового состава и документации